

Ақылы негізде "Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы" (ҰАААЖ) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының учаскесін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 4 шілдедегі № 490 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 шілдеде № 33038 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын I-A санатты автомобиль жолының 22+640 километр (бұдан әрі – км) – 22+000 км болатын "Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы" учаскесі (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)) ақылы негізде пайдаланылатыны;

2) Алматы қаласы мен Алматы облысы арқылы баламалы жолдар бойынша жүріп өту жүзеге асырылады;

3) ақылы жолдың (учаскенің) бастапқы пункті – Алматы-Ұзынағаш автомобиль жолының 22+640 км, ақылы жолдың (учаскенің) соңғы пункті – Алматы-Талғар автомобиль жолының 22+000 км;

4) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысу және басқа автомобиль жолдарымен түйісу тізбесі;

5) ақылы жолдың (учаскенің) техникалық сыныптамасы – I-A санаты, ақылы жолдың (учаскенің) негізгі параметрлері:

автомобиль жолымен жүріп өту жолағының ені - 3,75 метрден кем емес;

автомобиль жолы бойынша қозғалыс жолақтарының саны – Алматы-Ұзынағаш автомобиль жолынан Алматы-Бішкек автомобиль жолына дейінгі учаскеде - 4 жолақ, Алматы-Бішкек автомобиль жолынан Алматы-Евгеньевка-Шелек-Қорғас автомобиль жолына дейінгі учаскеде – 6 жолақ, Алматы-Евгеньевка-Шелек-Қорғас автомобиль жолының учаскесінде Алматы-Талғар автомобиль жолына дейін - 4 жолақ;

6) ақылы жолдың (учаскенің) ұзындығы - 66,00 км;

7) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өту үшін төлемақы мөлшерлемесі;

8) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес айқындалған басқа автомобиль жолы бойынша баламалы жүрісі жоқ іргелес елдімекендердің тізбесі;

9) ақылы негізде ақылы жолды (учаскені) пайдалану мерзімі – 16 (он алты) жыл болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 4 шілдедегі
№ 490 Бұйрығына
1-қосымша

Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысу және басқа автомобиль жолдарымен түйісу тізбесі

Қиылысу және түйісу мекенжайлары километр (бұдан әрі - км) + метр	Белгіленген қиылысу және түйісу бойынша елдімекендердің атауы
Қарасай ауданы	
0+0 км	Қырғауылды кенті
0+0 км	Райымбек кенті
5+817 км	Кемертоған кенті
20+752 км	Елтай кенті
20+752 км	Көкөзек кенті
20+752 км	Ақсеңгір кенті
Іле ауданы	
34+169 км	Комсомол кенті
34+169 км	Жапек батыр кенті
43+409 км	Өтеген батыр кенті
43+409 км	Ынтымақ кенті
Талғар ауданы	
55+650 км	Панфилов кенті

65+515 км	Қызылқайрат кенті
65+515 км	Талдыбұлақ кенті

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 4 шілдедегі
№ 490 Бұйрығына
2-қосымша

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлемақы мөлшерлемесі

I-A санаты 00 + 000 км - 66 + 000 км "Үлкен Алматы Айналма Автомобиль Жолы" республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы (учаскесі):

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК)

Көлік түрі	Жеңіл автомобильде р	16 жолаушы орнына дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейінгі жүк автомобильде рі	32 жолаушы орнына дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі	32 жолаушы орнынан автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі	Ж ү к көтергіштігі 15 тн басталатын ж ү к автомобильде рі, оның ішінде тіркемелері бар ершікті тартқыштар
Бір сағат ішінде жүріп өткен жолға қарамастан сапар құны	0,07 АЕК	0,08 АЕК	0,14 АЕК	0,16 АЕК	0,2 АЕК	0,22 АЕК

1) абоненттік төлем - автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысы, ақылы учаскеге іргелес елді мекендерде тіркелген жергілікті автокөлік құралдары үшін белгілі бір уақыт кезеңіне абонемент түрінде бір ауданнан тыс жерде бір айға немесе бір жылға ауысқан кезде;

бір айға абонемент (АЕК):

Көлік түрі	Жеңіл автомобильде р	16 орындық автобустар мен жүк көтергіштігі 2,5 тн дейінгі жүк көліктері үшін	32 орындық автобустар мен жүк көтергіштігі 5,5 тн дейінгі жүк көліктері үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейінгі ж ү к автомобильде р і автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн асатын ж ү к автомобильде рі, оның ішінде тіркемелері бар ершікті тартқыштар үшін
------------	----------------------------	--	--	--	--	--

1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлем құны	0,5 АЕК	0,6 АЕК	1 АЕК	1,5 АЕК	2 АЕК	2,5 АЕК

бір жылға абонемент (күнтізбелік 365 күн) (АЕК):

Көлік түрі	Жеңіл автомобильде р	16 орындық автобустар мен жүк көтергіштігі 2,5 тн дейінгі жүк көліктері үшін	32 орындық автобустар мен жүк көтергіштігі 5,5 тн дейінгі жүк көліктері үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейінгі ж ү к автомобильде р і автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн асатын ж ү к автомобильде рі, оның ішінде тіркемелері бар ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлем құны	5 АЕК	6 АЕК	10 АЕК	15 АЕК	20 АЕК	25 АЕК

2) концессионер пайдаланушыларды ақылы жолымен (учаскемен) жүріп өту туралы ақпараттандыру мақсатында концессионердің байланыс ортылығы арқылы хабардар етеді, оның нөмірі жария шартта және/ немесе концессионердің интернет-ресурсында көрсетілген ;

3) байланыс орталығы - ұйымдастырушының дауыстық байланыс арналары, электрондық және почта қызметтері арқылы пайдаланушылардан өтініштерді өңдеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ пайдаланушылардың өтініштерімен жұмысты онлайн-чат режимінде жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (жария шартта көрсетілген байланыс орталығының нөмірі);

4) ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысының мөлшерлемесі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген жол жүру ақысының мөлшері;

5) алдын ала төлем - ақылы учаскеге кіргенге дейін пайдаланушы дербес шотқа және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептеген ақшалай қаражат , оның сомасы жол ақысын төлеу үшін жеткілікті;

6) кейінгі төлем - ақылы учаскелерде белгіленген техникалық құралдармен бекітілгеннен кейін пайда болған жол жүру сомасын төлеу үшін дербес шотқа немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептелген ақшалай қаражат;

7) жол жүру құны ақылы жолда (учаскеде) болу уақыты және автокөлік құралының типі бойынша тарифтеледі және автокөлік құралының жүріп өткен жолына байланысты болмайды;

8) ақы алу жүйесінің түрі - көпжолалы тоқтаусыз еркін ағынмен ашық типті бақылау аркасы.

инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 4 шілдедегі
№ 490 Бұйрығына
3-қосымша

Басқа автомобиль жолымен баламалы жүріп өтуі жоқ іргелес елді мекендердің тізбесі

р/с №	Елді мекеннің атауы
Жоқ	Жоқ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК